



ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАТЫН ІРІ ЖОБА

Президент «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпірде сөз сөйледі.



Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

— «Жол — тіршіліктің күретамыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз — Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру — алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі ай-

тарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бұл жұмыстың бәрі Қазақстанның көлік-логистика саласындағы әлеуеті зор екенін көрсетеді.

— Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты — Қызылжар» және «Дарбаза — Мактаарал», ал келесі жылы «Бакты — Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тасжолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай», «Қарағанды — Алматы», «Орталық — Оңтүстік», «Атырау — Астрахан», «Талдықорған — Өскемен», «Қалбатау — Майқапшағай» бағытындағы жолдар — соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты.

(Жалғасы 2-бетте)



ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРАТЫН ЖЕТІСТІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтіп жатқан Жасанды интеллект бойынша III халықаралық олимпиаданың ашылу салтанатына қатысып, сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы сөзінде еліміз цифрлық даму тұрғысынан стратегиялық таңдау жасағанына тоқталды.

— Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексіне 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік

деңгейі бойынша еліміз Орталық Азияда көш бастап тұр. Біз бірыңғай инновациялық экожүйе құрып жатырмыз. Мұнда жасанды интеллект мемлекетті, экономиканы, бизнесті басқарудың маңызды тетігі ретінде қоғам өмірінің барлық саласына дендеп енеді.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАРЖЫ ТАЗАЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАҢА ӨЛШЕМІ

Президент қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы іс-қимылды күшейтетін жаңа заңға қол қойып, күрестің құқықтық ұстынын нығайтты. Сондай-ақ ақша жылыстату схемаларына еріксіз немесе әдейі араласуын болдырмау үшін нотариустерге, заңгерлерге, бизнес өкілдеріне талаптар күшейтілді. Жалпы, құзырлы органдар лас ақшаны «тазартушылардың» қарекетіне қаншалықты тиімді тоспа құра алды? Биыл бұл бағытта қандай жаңа шаралар қабылданбақ?

→ 5



БАТЫР ТОЙЫ – ХАЛЫҚ ТОЙЫ

Арқа жұрты қазақтың тұңғыш ғарышкері, КСРО батыры, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Мерейтой иесін Қарағандының бір топ белгілі тұлғалары мен жұртшылық өкілдері әскери әуежайдан ыстық ықыласпен күтіп алды. Қарағанды облысының әкімдігі батырға темір тұлпар сыйға тартты.

Кейінгі дүбірлі той Тоқтар Әубәкіровтің кіндік қаны тамған Қарқаралының қасиетті топырағында жалғасты. Қасиетті өлкенің баурайында бой көтерген Qarqaraly Go этноауылы ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтарды дәріптеген үлкен мәдени алаңға айналды. Елуге жуық ақшанқан киіз үй тігіліп, әр шаңырақта ақ дастарқан жайылып, қазан көтерілді. Келген қонақтарға қымыз ұсынылып, қазақы қонақжайлықтың үздік үлгісі көрсетілді. Бір тұста күмбірлеген күй төгілсе, екінші бір алаңда ұлттық спорт



сайыстарының қызуы байқалып жатыр. Сал-серілік дәстүр мен ұлттық ойындар тоғысқан этноауыл күні бойы мерекенің басты ордасына айналды.

(Жалғасы 7-бетте)

әділет

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ-2026

Дайындаған: «APPAZOV» ЖШС.
«Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді.
Тапсырыс беруші: Н.Т. Мыңжасаров.

САЯСАТ

4 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ
АРТТЫРАТЫН ІРІ ЖОБА



(Басы 1-бетте)

Быттыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

— Жакында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған — Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, баска да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу — Сексеуіл» бағытында 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолдың құрылысы басталғанына тоқталып, бұл бағдарды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

— Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі

3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауапты іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзімізде, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу — Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан



бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жалпы ұзақтығы 774 шақырымдық құрайтын «Қызылорда — Сексеуіл», «Ұлғайсын — Сексеуіл» жолдарын кеңейту, түбегейлі жаңғырту жұмыстары басталғанын мәлімдеді.

— Бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысады. Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың

серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері, енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат — елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін тұйық нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақытылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел

болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Баршанызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қылыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұдан бөлек, Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке өңір тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

ЕЛ МЕРЕЙІН
АСЫРАТЫН ЖЕТІСТІК



(Басы 1-бетте)

Быттырғы Жолдауымда алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша нақты міндет жүктедім. 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау да — осы стратегиялық бағдарды жүзеге асыруға бағытталған қадам. Бұдан бөлек, инновацияға иек артатын ел дамуының негізгі бағыттары 1 шілдеде күшіне енген Қазақстанның жаңа Конституциясында анық көрсетілген. Бұл — барлық үдерістің басы ғана, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз сапалы білімге, дарынды балаларды жан-жақты қолдауға баса назар аударатынын айтты.

— Быттыр Бейжіңде өткен Жасанды интеллект бойынша олимпиададан Қазақстан оқушылары үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Ел мерейін асыратын бұл жетістік жастарымыздың зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің зор екенін көрсетеді. Орайлы сәтті пайдалана отырып, талантты өрендерімізге бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздар мен



тәлімгерлерге алғыс айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл олимпиада жасанды интеллектті зерттеуші жастардың халықаралық қауымдастығының дамуына үлкен серпін беретініне сенім білдірді.

— Білім қай заманда да халықты біріктіріп, адамзатты өркендеттің шыңына жетеледі. Сіздердің қарым-қабілеттеріңіз медицина, білім, экология және баска да өте маңызды салалардағы тың шешімдерге негіз бола алады. Дәл осы олимпиадада әлемді өзгертетін жаңа идеялар мен жобалар дүниеге келуі мүмкін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев олимпиада қатысушыларына сәттілік тілеп, осы маңызды шараны ұйымдастыруға үлес қосқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

Салтанатты рәсімде Sinovation Ventures және 01.ai компанияларының бас директоры Ли Кай Фу, Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада кеңесінің төрағасы Елена Маринова, Қазақстанның спорттық бағдарламалау федерациясының президенті Бағдат Мусин, Kaspi.kz негізін қалаушылардың бірі Михаил Ломтадзе және Freedom Holding Corp. компаниясының бас атқарушы директоры Тимур Тұрлов сөз сөйледі.

Іс-шара барысында Мемлекет басшысы халықаралық олимпиаданың құрылымымен, байқау тапсырмаларымен және автономды роботтың мүмкіндіктерімен танысты.

Астана қаласында 2-8 тамыз аралығында өтетін Жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиадаға 106 елден келген 500-ден астам дарынды оқушы қатысуда. Олар ЖИ үлгілерін әзірлеу және автоматты роботтарды бағдарламалау сайыстарында бак сынайды.

ИНВЕСТИЦИЯ
ӨҢІРДІ ӨРКЕНДЕТЕДІ

Абай облысында жүзеге асырыла бастаған EcoFOREST толық циклді экологиялық ағаш өңдеу өнеркәсіптік паркі – өңір экономикасы үшін ғана емес, Қазақстанның орман өнеркәсібін әртараптандыру жолындағы маңызды жобалардың бірі. Семей қаласында іргетасы қаланған өндірістік кешен инвестиция тарту, экспорттық әлеуетті арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бағытындағы мемлекеттік саясаттың нақты көрінісі деуге болады.



Соңғы жылдары елімізде шикізаттық емес секторды дамытуға басымдық беріліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әртүрлі деңгейдегі жиындарда өңдеу өнеркәсібін дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жоғары қосылған құны бар өнім өндіру міндетін бірнеше рет көтерген болатын. Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысында қолға алынған жаңа жоба өңірлік бастама ғана емес, ұлттық экономикалық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Жалпы инвестициялық көлемі 67 миллион АҚШ долларын құрайтын жоба екі өндірістік алаңынан тұрады. Оның негізгі бөлігі Семей қаласында орналаса, ағашты бастапқы өңдеу кешені Бородулиха ауданындағы Михайловка ауылында салынады. Мұндай өндірістік тізбек шикізатты бастапқы өңдеуден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі толық циклді қамтамасыз етеді.

Аймақ басшысы Берік Уәли жобаның іргетасын қалау рәсімінде бұл бастаманың

халықаралық ынтымақтастықтың нақты нәтижесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, быттыр Қытай Халық Республикасында өткен «Үлкен Алтай» халықаралық конференциясында басталған келіссөздер бүгінде ірі инвестициялық жобаға ұласып отыр. Өңірлік үйлестіру кеңесінің қолдауына ие болған жобаға қажетті жер телімдері бөлініп, мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілген.

Бұл жерде назар аударатын маңызды мәселе — жобаның өндірістік бағытынан бөлек, экологиялық сипаты. Кәсіпорын негізінен өрттен зардап шеккен және санитарлық кесуге жататын ағаштарды өңдеуге маманданады. Бұл бір жағынан орман қорын сауықтыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан бұрын толық пайдаланылмай келген ағаш ресурстарын экономикалық айналымға енгізуге жол ашады.

2023 жылғы «Семей орманы» мемлекеттік табиғи резерваты аумағындағы алапат өрттен кейін өңірдегі орман шаруашылығын қалпына келтіру мәселесі күн тәртібіне шыққаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа өндіріс кешені санитарлық тазарту жұмыстарын жеделдетіп қана қоймай, ағаш шикізатын қалдықсыз өңдеу технологиясы арқылы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың үлгісіне айналмақ.



Жобаның ерекшелігі — өндірістің толық циклмен ұйымдастырылуы. Семейдегі кешен жылына 2 миллион текше метрге дейін ағаш өңдеп, шамамен 900 мың текше метр дайын өнім шығарады. Мұнда халықаралық экологиялық стандарттарға сай ағаш такталары, OSB және FOSB панельдері, MDF, жиһаз өнімдері, инженерлік ағаш материалдары, ағаш пеллеттері, биоотын және органикалық тыңайтқыштар өндіріледі.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай өндіріс құрылымы шикізат сатудан дайын өнім экспорттауға көшудің тиімді жолы болып саналады. Әлемдік тәжірибеде ағашты терең өңдеу өнімдерінің қосылған құны бірнеше есе жоғары. Сондықтан жобаның экономикалық тиімділігі тек инвестиция көлемімен емес, өндірілетін өнімнің экспорттық әлеуетімен де өлшенеді.

Инвесторлар кәсіпорын толық қуатына шыққан кезде 900-ге дейін тұрақты жұмыс орны ашылатынын мәлімдеп отыр. Оның ішінде жұмысшылардың 90 пайызы жергілікті тұрғындар болады. Бұл көрсеткіш өңірдегі еңбек нарығына оң әсер етіп қана қоймай, жаңа технологияларды меңгерген білікті кадрлар даярлауға да мүмкіндік береді.

Өнімнің Қазақстан нарығымен қатар Орталық Азия, Еуропа, Жапония және

Оңтүстік Корея елдеріне экспортталуы жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде Абай облысының сыртқы саудадағы үлесін арттырып, өңірдің халықаралық өндірістік кооперациядағы орнын күшейте түспек.

Жобаның тағы бір маңызды қыры — Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың жаңа деңгейге көтерілуі. Xinjiang Chunzheng Aosi Trading Co., Ltd. компаниясының бас директоры Чжан Лиай өндіріс кешені орманды санитарлық тазартудан бастап, дайын өнім шығаруға дейінгі барлық кезенді біріктіретінін атап өтті. Оның айтуынша, басты мақсат — ағаш шикізатының әр бөлігін барынша тиімді пайдаланып, өндірістік қалдықтарды ең төменгі деңгейге жеткізу. Бүгінде Абай облысында инвестициялық белсенділік айтарлықтай артып келеді. Биыл өңірде жалпы құны 131,2 миллиард теңгені құрайтын 41 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 3 263 жаңа жұмыс орны ашылады. Ал жыл басынан бері 34,62 миллиард теңгенің 14 инвестициялық жобасы пайдалануға беріліп, 598 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Әльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗЫНАСЫ – ЕҢБЕК АДАМЫ

«Әділет» партиясы республикалық сайлауалды штабы Ақтөбе облысындағы ең ірі кәсіпорындар – «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мен Ақтөбе феррокорытпа зауытының еңбек ұжымымен кездесті. Басқосуда өнеркәсіпті экологияға зиян келтірмей дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпорындарды жаңғырту және инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері талқыланды. «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай өнеркәсіпті дамыту мен еңбек адамын қолдау партияның сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтардың бірі екенін атап өтті. Партия Қазақстан Президентінің бағытын және Мемлекет басшысы жүргізіп отырған жұмысшы



мамандықтарының беделін арттыруға, отандық өндірісті дамытуға және еңбек адамы үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға бағытталған реформаларды толықтай қолдайды.

Жалпы партия 2031 жылға қарай өндірісте тәжірибеден өтіп, білім алатын студенттердің үлесін 45 пайызға дейін арттыруды көздейді.

«ЕҢБЕК. ӘДІЛЕТТІЛІК. ЫНТЫМАҚ»



Жалпыұлттық социал-демократиялық партия Өскемен қаласында Қазақстанның 20 кәсіподақ ұйымының қатысуымен «Еңбек. Әділеттілік. Ынтымақ» тақы-

рыбында республикалық конгресс өткізді. Іс-шара партияның еңбек адамдарының құқықтарын қорғауға және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Қаладағы жастар ресурстық орталығында өткен конгрестің негізгі мақсаты еңбеккерлердің өзекті мәселелерін талқылау, кәсіподақ қозғалысы институттарын нығайту және әлеуметтік мемлекет құру жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыру болды. Талқылауға Құрылтай депутаттығына кандидаттар Асхат Рахимжанов, Максим Андрюшин, Ажар Сағандықова, Виктор Калгин арнайы келді. Сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері, сарапшылар мен партия белсенділері қатысты.

Конгресс аясында ЖСДП-ның Құрылтай депутаттығына кандидаттары партияның 20 жылдық мерейтойына орай әзірленген «Прогресс жолындағы 20 белес» атты сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырды.

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Қазақстанның Вауақ жасылдар партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Сәуле Қамытбекова мен Айгүл Әбдуәлиева «Ұлттық ғылыми медицина орталығы» ұжымымен кездесті. Ауқымды шараға мыңға жуық адам қатысты. Оның 60-қа жуығы офлайн режимде, ал қалғаны онлайн қосылды.

Кандидаттар партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырды. Экологияны қорғау, тұрақты даму, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесін кенінен талқылады. Сондай-ақ қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері мен экологиялық қауіпсіздіктің маңызы сөз болды.



«Ұлттық ғылыми медицина орталығының» басқарма төрағасы Абай Байғенжин денсаулық сақтау саласында экологиялық тәсілдерді енгізудің маңызын атап, Каспий

өңірі мен Арал маңындағы экологиялық ахуалдың өзектілігіне тоқталды.

Қатысушылар өзара пікір алмасты. Қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ – ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҮШІН!

ҚХП-дан Құрылтай депутаттығына кандидаттар көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған «Өмірді сезіну» орталығына барды.

Партия өз қызметі барысында мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктерге үнемі қолдау көрсетіп келеді. Баршаға қолжетімді және кедергісіз орта қалыптастыру – партияның сайлауалды бағдарламасындағы басым бағыттардың бірі.

Кездесу барысында сөз сөйлеген Қазақстан Халық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов партия қатарында көп жылдан бері көру қабілеті бойынша мүге-



дектігі бар Кенжеғұл Сейтжанның еңбек етіп келе жатқанын атап өтті. Бүгінде Қазақстанның 700 мыңнан астам азаматының мүге-



дектігі бар. Оның ішінде 300 мыңы – еңбек етуге қабілетті. Партия өкілдері олар үшін қолжетімді орта қалыптастыруды мақсат етеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



«Ауыл» партиясының республикалық сайлауалды штабында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының халықаралық байқаушылар делегациясымен кездесу өтті.

Іс-шараға «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары – Республикалық сайлауалды штабы басшысының орынбасары Шахмардан Байманов және штаб мүшесі Қуаныш Үсенов қатысты.

ТМД ПА делегациясы тарапынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының демократияны дамытуын, парламентаризмді және сайлау құқықтарының сақталуын мониторингiлеу жөнiндегi халықаралық институт директорының орынбасары Елена Еременко, сондай-ақ Институттың сайлауды талдау және мониторингiлеу бөлiмiнiң басшысы Роман Амбурцев қатысты.

Кездесу соңында тараптар сайлау процесiн ұйымдастыру мәселелерi бойынша пiкiр алмасып, ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сөйкес ашық, айқын және демократиялық сайлау өткiзудiң маңыздылығын атап өттi.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

«МЕРКІ ҚАНТ ЗАУЫТЫНЫҢ» ҰЖЫМЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева бастаған республикалық және аймақтық сайлау штабының мүшелері Меркі ауданындағы «Меркі қант зауытының» еңбек ұжымымен кездесті. Кәсіпорын қызметкерлері партия төрағасын гүл шоғымен қарсы алды.

Тарихы терең, 92 жылдық шежіресі бар қант зауытында 600-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Кездесуде Дания Еспаева партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын таныстырып, отандық өнеркәсіпті дамыту, өндірісті мемлекеттік қолдау және әлеуметтік мәселелерге тоқталды. Сондай-ақ ол екінші деңгейлі банкетерді реттеу мен несие шарт-



тарын жеңілдетуге қатысты партия бастамаларын атап өтті.

Сондай-ақ жиында Бауыржан Найзақұлов отандық өнеркәсіп

туралы айтып, оның негізгі мәселелеріне тоқталды.

Кездесу соңында зауыт ұжымы ашық диалог үшін алғыс білдірді.

КӘСІПКЕРДІҢ ҮНІ ҚҰРЫЛТАЙДА ЕСТІЛУІ КЕРЕК



Respublica партиясының республикалық сайлауалды штабы Қызылорда облысындағы жұмысын

жалғастырып, «Марал-Нұр» ЖШС-ның жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық

қызмет көрсету жөніндегі жоғары технологиялық кешенінің ұжымымен кездесті.

Ашық форматта өткен жүздесуде отандық өндірісті дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және ел экономикасына серпін беретін заңнамалық бастамалар сөз болды. Сонымен қатар партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, кәсіпкердің үні Құрылтайда естілуі және жаңа жұмыс орындарын ашуы үшін ең алдымен сапалы заңдар қажеттігі туралы айтылды.

Кездесу соңында партия өкілдері ұжымның сауалдарына жауап беріп, отандық өндірісті, кәсіпкерлікті және еңбек адамын қолдауға бағытталған заңнамалық жұмысты алдағы уақытта да жалғастыратынын жеткізді.

НАРЫҚ

4 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстандағы тұрғын үй нарығында ипотекаға қолжетімді баспаналардың қатары кеңейе түсті. Қазақстандағы тұрғын үй жинақ банкі бұрын ипотека рәсімдеуге жарамай келген кейбір баспаналарды енді несие арқылы сатып алуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, панельді үйлердің рұқсат етілетін пайдалану мерзімі 50 жылдан 60 жылға дейін ұзартылды. Сонымен қатар белгілі талаптарға сәйкес салынған SIP-панельден тұрғызылған жеке үйлер де банк кепілдігіне қабылданатын болды. Сарапшылардың пікірінше, бұл өзгеріс екінші нарықтағы баспаналардың айналымын жандандырып, сатып алушылардың таңдауын көбейтуі мүмкін.

БАСПАНА НАРЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ БЕЙНЕСІ

А Кәмила ДҮЙСЕН

ЕКІНШІ НАРЫҚҚА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Бұған дейін панельді және бетон негізіндегі үйлердің пайдалану мерзімі 50 жылдан аспаған жағдайда ғана оларды кепіл ретінде қабылдайтын. Соның салдарынан 1960-1970 жылдары салынған көптеген пәтер ипотекалық бағдарламаларға қатыса алмай келген еді.

Жаңа талапқа сәйкес бұл шектеу 60 жылға дейін ұзартылды. Яғни енді 1966 жылдан бері пайдалануға берілген панельді тұрғын үйлердегі пәтерлер де ипотека арқылы сатып алынуы мүмкін. Бұл әсіресе кенестік кезеңде салынған тұрғын үй қоры басым қалалар үшін маңызды өзгеріс саналады.

Банк тағы бір жаңашылдық енгізді. Бұрын кепіл ретінде қабылданбаған SIP-панельден салынған жеке үйлер енді бірқатар талап орындалған жағдайда ипотекаға жарамды болады. Ол үшін үйдің пайдалануға берілгеніне бес жылдан аспауы, сертификатталған құрылыс материалынан салынуы, іргетасының капиталды болуы, толық әрленуі және барлық инженерлік коммуникацияларға қосылған болуы қажет.

Бұл өзгерістер сатып алушылардың таңдау мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, бұрын сұранысы төмен болған тұрғын үйлердің нарықтағы өтімділігін де арттыруы ықтимал.

Дегенмен талаптардың жеңілдеуі баспана іздеп жүрген азаматтардың таңдауын кеңейткенімен, бұл өзгеріс тұрғын үй бағасының төмендеуіне алып келе ме деген сұрақ қатар туындайды. Соңғы айларда базалық мөлшерлеменің төмендеуі, бастапқы нарықтағы мәмілелер санының азаюы және сатып алу белсенділігінің бәсеңдеуі тұрғын үй арзандайды деген пікірлерді күшейткен еді. Алайда нарықтағы негізгі үрдістерге қарасак, бағаның айтарлықтай төмендеуіне негіз болатын факторлар әзірге байқалмайды. Керісінше, ипотекаға қолжетімді тұрғын үй санының артуы белгілі бір сегментте сұранысты сақтап қалуы да мүмкін.

Qazaq Expert Club-тың жылжымайтын мүлік саласындағы сарапшысы Дилара Сейтнұрованың айтуынша, 2026 жылдың екінші жартысында Қазақстанның ірі қалаларында тұрғын үй бағасы негізінен қазіргі деңгейін сақтайды немесе баяу өседі. Яғни нарықта күрт қымбаттау да, жаппай арзандау да күтілмейді.

Сарапшы мұны бірнеше экономикалық фактормен байланыстырады. Ең алдымен, биылдан бастап құрылыс компаниялары тұрғын үйді сату кезінде 16 пайыздық қосылған құн салығын төлейді. Бұл шығын құрылысшылар үшін қосымша қаржылық жүктеме болғандықтан, оның белгілі бір бөлігі баспана бағасына әсер етеді. Оның үстіне мердігер ұйымдарға қатысты



Банк тағы бір жаңашылдық енгізді. Бұрын кепіл ретінде қабылданбаған SIP-панельден салынған жеке үйлер енді бірқатар талап орындалған жағдайда ипотекаға жарамды болады. Ол үшін үйдің пайдалануға берілгеніне бес жылдан аспауы, сертификатталған құрылыс материалынан салынуы, іргетасының капиталды болуы, толық әрленуі және барлық инженерлік коммуникацияларға қосылған болуы қажет.

салықтық өзгерістер де құрылыс құнын төмендетпей, керісінше, өсіріп отыр.

«Мен тұрғын үй бағасының айтарлықтай төмендеуіне негіз көріп тұрған жоқпын. Керісінше, қазіргі жағдай бағаның сақталуына көбірек ықпал етеді. Құрылыс

компаниялары жаңа салықтық талаптарға алдын ала бейімделіп, бағаларын өткен жылдан бастап қайта қарай бастады. Сондықтан бүгінгі баға — осы өзгерістердің белгілі бір деңгейде нарыққа сіңген нәтижесі», — дейді Дилара Сейтнұрова.

Сарапшының пікірінше, құрылыс саласындағы шығындардың артуы уақытша құбылыс емес. Құрылыс материалдары, еңбек ресурстары және инженерлік жұмыстар қымбаттаған жағдайда, девелоперлер бұл шығындарды тұрғын үйдің түпкілікті бағасына енгізуге мәжбүр болады.

ҰСЫНЫС ШЕКТЕУЛІ, СҰРАНЫС ТОЛЫҚ ЖОҒАЛҒАН ЖОҚ

Тұрғын үй нарығындағы бағаның тұрақты қалуына әсер ететін тағы бір маңызды фактор — жаңа құрылысқа арналған жердің және инженерлік инфрақұрылымның шектеулігі.

Мәселен, Алматыда құрылыс салуға жарамды аумақтардың азаюы мен сейсмикалық талаптардың күшеюі жаңа жобаларды іске асыруды күрделендіріп отыр. Сондықтан қалада жаңа шағынаудандар салудан гөрі қолданыстағы аумақтарды қайта жаңғыртуға басымдық беріліп келеді.

көлемінен шамамен 15-20 пайызға жоғары. Бұған халық санының тұрақты өсуі мен ішкі көші-қон да ықпал етеді.

Шымкент пен басқа өңірлерде жер телімдері болғанымен, олардың барлығы қажетті сумен, электрмен және жылумен қамтылмаған. Инженерлік инфрақұрылымды дамытуға кететін шығын жаңа тұрғын үйдің өзіндік құнын арттырады.

Бұған қоса, биыл күшіне енген жаңа Құрылыс кодексі де нарыққа әсер етпек. Енді жобаларды келісу мен сараптамадан өткізуге қойылатын талаптар күшейіп, кейбір құрылыс жобаларының іске асу мерзімі ұзаруы мүмкін. Бұл жаңа ұсыныстың қысқаруына ықпал етіп, бағаның төмендеуіне емес, қазіргі деңгейде сақталуына әсер етеді.

БАҒАНЫҢ БЕТАЛЫСЫ ҚАЛАЙ?

Сарапшының айтуынша, қайталама тұрғын үй нарығында да айтарлықтай өзгеріс болмайтын секілді. Бұған бірнеше себеп бар. Соның бірі — көптеген меншік иелері бұрын төмен пайызбен рәсімделген ипотекаларын сақтап қалуды жөн көреді. Сондықтан олар пәтерін сатуға асықпайды.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, 2026 жылдың маусымында Алматыда қайталама нарықтағы бір шаршы метрдің орташа бағасы шамамен 741 мың теңгені құраса, бастапқы нарықтағы баға 720 мың теңге деңгейінде болған. Яғни екі сегмент арасындағы айырмашылық айтарлықтай қысқарған.

Сонымен бірге сарапшы бағаға ықпал етуі мүмкін тәуекелдерді де атап өтеді. Зейнетақы жинақтарын пайдалану талаптарының өзгеруі тұрғын үйге деген сұранысты біршама әлсіретуі ықтимал. Сондай-ақ базалық мөлшерлеме төмендегімен, ипотекалық несиелер әлі де қымбат күйінде қалып отыр. Егер инфляция күткендей баяуламаса, ақша-кредит саясатының одан әрі жұмсаруы кейінге қалуы мүмкін.

Дегенмен мұның бәрі тұрғын үй бағасының жаппай төмендеуіне жеткілікті негіз бола алмайды. Сарапшының пікірінше, ол үшін бір мезгілде бірнеше шарт орындалуы қажет: құрылыс көлемі айтарлықтай артуы, ұсыныс көбейіп, құрылыс құны арзандауы және сатып алушылардың белсенділігі ұзақ уақыт бойы төмен болуы тиіс. Қазіргі жағдайда бұл факторлар қатар байқалмай отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Отбасы банктің ипотекалық талаптарды жеңілдетуі екінші нарықтағы баспаналардың қолжетімділігін арттырғанымен, тұрғын үй бағасының күрт арзандауына себеп болады дегуге негіз жоқ. Керісінше, ипотека арқылы сатып алуға болатын пәтерлердің көбеюі нарықтағы мәмілелерді жандандырып, сұранысты белгілі бір деңгейде сақтап қалуы ықтимал.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



■ Биылғы жарты жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ көлемі 4,1 пайыз артты. Әсіресе мұнайға қатысы жоқ салалар өсім көрсеткен. Бұл экономикамыз әртараптана бастады дегенді білдіре ме әлде сандардың артында белгілі бір салдар жасырынып жатыр ма? Қағаздағы статистиканың әсерін халық қаншалықты сезінеді? ЖІӨ азаматтардың өмір сапасына өлшем бола ала ма?

Жалпы ішкі өнім. Қысқа күнде қырық мәрте естіп, құлақ үйренген сөз. Таныс та бейтаныс ұғым. Былайша мағынасын бұлдыр-бұлдыр білетін де шығармыз, бірақ қазбалап сұраса, тосылып қаламыз. Сондықтан алдымен терминнің түп-төркінін түсініп алайық. ЖІӨ дегеніміз — белгілі бір уақыт аралығында өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер құны. Мысалы, Қазақстанды үлкен бір ауыл деп елестетейік. Бұл ауылда фермер мал бағады, наубайшы нан пісіреді, дәрігер науқастарды емдейді,

мұғалім сабақ оқытады, дүкенші сауда жасайды. Соның бәрін қосып, ақшаға шағып есептегенде «ауылдың» жалпы ішкі өнімі құралады. Төленген жалақы, төселген жол, салынған үй, сатылған смартфон, тіпті смартфонға жүктелген қосымшаға дейін осы көрсеткіште қамтылады.

Ойымызды образға орап сөйлесек, ЖІӨ мемлекеттің экономикалық даму қарқынын өлшейтін спидометрге ұқсайды. Ал енді сол спидометрдің тілі қандай жылдамдықты көрсетіп келеді? Жакында

Ұлттық статистика бюросы маңызды ақпарат таратты. 2026 жылдың алғашқы алты айында Қазақстанның ЖІӨ-і 4,1 пайыз ілгері басыпты. Әсіресе құрылыс, көлік, өңдеу өнеркәсібі, сауда, байланыс салаларында ерекше өсім байқалады. Өңірлер бойынша, ең қызығы, өз қолы өз аузына жетпей, республикалық дотацияда отырған Түркістан, Ұлытау облыстары мен Шымкент қаласы алға шыққан.

Шыны керек, 4,1 пайыз деген бөрікті аспанға атып қуанатындай аса жоғары нәтиже емес, алайда патша көңілді пәс қылатындай тым нашар көрсеткіш те емес. Салыстырсақ, ЖІӨ өсімі 2023 жылы 5,1 пайыз, 2024 жылы 4 пайыз болса, 2025 жылы 6,5 пайыздық межеге бір-ақ секірген. Қазіргі 4,1 пайыз — бытырғы қарқынның біршама баяулап, қалыпты ырғаққа қайта оралғанын аңғартатын орташа деңгей.

ЖІӨ-ні өрге сүйреген салаларды жаңа тізіп өттік. Көш басында құрылыс секторы оқ бойы озып тұр. Қаңтар-маусым айларында орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 15,2 пайыз артқан. Пайдалануға 8,5 млн шаршы метр тұрғын үй берілген, бұл — бір жыл бұрынғыдан 6,7% пайыз артық. Рас, керемет нәтиже. Бірақ цифрға сиқырдай арбалып, таңғажайып құбылыс деп тамсанудан аулақпыз. Себебі бізде құрылыс дегенде, ең бірінші, мемлекеттік тапсырыспен салынатын мектептер мен ауруханалар еске түседі. Мұнда таза нарықтық қатынастар емес, тікелей бюджеттік қолдау тетіктері жұмыс істейді. Мәселен, «Жайлы мектеп» секілді млрд-дық жобаларды Samruk-Kazyna Construction арқылы Ұлттық қор қаржыландырса, медициналық мекемелер жергілікті әкімдіктердің бюджетінен немесе кейін мемлекет өтеп беретін МЖӘ механизмі есебінен салынады. Сонымен қатар ипотекалық бағдарламаларға арналған млн-даған

шаршы метрлер де көрсеткішті еселеп жібереді. Құрылыс компаниялары ол жобалардың ақшасын негізінен «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы», «Қазақстан Даму банкі» сияқты квазимемлекеттік ұйымдардан алады немесе мемлекет субсидиялайтын банктердің несиесіне сүйенеді. Сондықтан құрылыс саласындағы инвестициялар 38,7 пайыз көбейді деген деректі естігенде мұның қандай инвестиция екенін ескеруге тиіспіз. Демек, бюджет шығындарына мек артатын бұл саланың экономика драйвері болуға қауқары шамалы. Егер мемлекеттік инвестиция азайып, фискалдық ынталандыру токтаса, құрылыс секторының өсу қарқыны да күрт бәсеңдеуі ықтимал.

Екінші орындағы өңдеу өнеркәсібі 9,8 пайыз нәтижемен шектелмей, алты айда 16,2 трлн теңгенің өнімін шығарыпты. Ондағы көрсеткіш шикізаттық тау-кен саласынан (15,9 трлн теңге) асып кеткен. Елдегі 20 өңірдің 17-сінде өндіріс көлемі ұлғайған. Ең үздіктерін атап айтсақ, Түркістан облысында — 50,8 пайыз, Маңғыстау облысында — 38,9% пайыз, Алматы қаласында — 28,5% пайыз, Жетісу облысында — 27,8% пайыз, Жамбыл облысында 25,7 пайыз өсім тіркелген. Өкінішке қарай, өндіріс қуаты құлдыраған үш өңір: Ақмола облысында — 7,6 пайыз, ШҚО-да — 4,8% пайыз, БҚО-да 0,8 пайыз төмендеу бар. Саланың дамуына машина жасау кластері үлкен үлес қосқан. Оның ішінде автомобиль және электр жабдықтарын жасау жұмысы айрықша назар аудартады. Сондай-ақ фармацевтика, химия, тамақ өнімдері, металл бұйымдары, құрылыс материалдары, сусын өндірісі көңіл көншітеді. Әрине өңдеу өнеркәсібінің аяқтан тік тұруына да мемлекет көмектесті. Аразан несиелер, су тегін субсидиялар, салық жеңілдіктері бұл секторға жан бітіргенін ешкім жасырмайды. Отандық өнімдердің өзіндік құны мен бәсекеге

қабілеттілігі де — күн тәртібінен түспеген күрделі мәселе.

Дегенмен ЖІӨ өсімінің 80 пайыздан дастамын мұнайға қатысы жоқ салалар қамтамасыз етіп отыр. Аталмыш екі саладан басқа сауда-саттық, көлік-логистика, байланыс, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету бағыттары да оң нәтижеге қол жеткізген. Бұған дейін мұнай-газ секторы алда жүретін де, өзгесі артта қалатын. Кейінгі жылдары, керісінше, шикізаттық емес секторлар экономиканың тамырына қан жүгірте бастады. Көзі қарақты әр қазақ армандайтын «диверсификация», «әртараптанушы» дегеннің бір белгісі осы шығар деген емескі үміт қылан береді. Тек әйтеуір уақытша құбылыс болмай, ұзақмерзімді үрдіске айналса игі дейміз.

Айтпақшы, осындайда «ЖІӨ-мен бірге тұрғындардың тұрмысы да 4,1 пайыз жақсарды ма?» деген заңды сұрақ туады. Мамандардың сөзінше, ЖІӨ өмір сапасын өзгертпейтін тауарлар мен қызметтер құнын да есептейді. Біреу жол апатына ұшырап, аурухана төсегіне таңылса да, ЖІӨ артады. Өйткені техника жөндеу орталықтары қираған көлікті қалпына келтіріп ақша табады, жарақат алған адам дәрі-дәрмекке шығындалып, айналымдағы қаржыны көбейтеді. Мәселен, сауда саласы ЖІӨ 5,7 пайыз ұлғайған. Әйтсе де, базардағы баға шарықтап барады. Бағаның өсуі сауданың өсуіне әкеледі. Сөйтіп, даму иллюзиясы пайда болады. Сыз біртұр 1 трлн майды 900 теңгеге алсаңыз, биыл 1200 теңгеге алуыңыз мүмкін. Сатылым сомасы, ақша массасы өседі, алайда азаматтардың тұтыну қабілеті көтеріле ме — ол бөлек әңгіме. Яғни ЖІӨ деңгейі халықтың жағдайымен көп ретте сәйкеспей жатады. Кезінде «жалпы ішкі өнім» терминін айналымға енгізген экономист, Нобель сыйлығының иегері Саймон Кузнецтің өзі: «Жалпы ішкі өнім ұлттың әл-ауқатын толық өлшейтін әмбебап құрал емес», — деп ескерткен.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

ҚОҒАМ

4 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Президент қылмыстық жолмен алынған табыс-тарды заңдастыруға қарсы іс-қимылды кү-шейтетін жаңа заңға қол қойып, күрестің құқықтық ұстынын нығайтты. Сон-дай-ақ ақша жылыстату схемаларына еріксіз болдырмау үшін нота-риустерге, заңгерлерге, бизнес өкілдеріне талап-тар күшейтілді. Жалпы, құзырлы органдар лас ақшаны «тазартушылар-дың» қарекетіне қанша-лықты тиімді тоспа құра алды? Биыл бұл бағытта қандай жаңа шаралар қабылданбақ?

А Айхан ШӘРІП

ЖАСЫРЫН КАУІПТІН ЖАНА СИПАТЫ

Көленкелі капиталдың шекарасы болмайды. Бір елде пайда болған заңсыз табыс өзге мемлекетте занды инвестиция кейпіне еніп, басқа аймақта қылмыстық әрекеттерді, соның ішінде терроризмді және экстремизмді, адам және есірткі саудасын, басқа да адамзат пен мемлекетке қарсы аса ауыр қылмыстарды қаржыландыруы мүмкін. Сондықтан қаржының тазалығы бүгінде тек экономикалық тәртіптің емес, мемлекеттің қауіпсіздігі мен халықаралық беделінің де маңызды көрсеткішіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысы қол қойған «Кейбір заңнамалық актілерге қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігін жаңа белеске көтеретін маңызды құқықтық қалам болып отыр.

Жаңа заң тек жекелеген норманы жетіл-дірумен шектелмейді. Ол Қылмыстық, Кәсіпкерлік кодекстерге, сондай-ақ бухгал-терлерге, зергерлерге, бағалы металдарды өндірушілер мен өткізушілерге, автокөлік сатушыларға, бумекерлік кеңселер мен казино секілді ойын бизнесі субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға, басқа кәсіп пен салаға қатысты заңнамаларды өзгертті. Негізгі мақсат — заңсыз жолмен алынған қаражаттың заңды экономикаға енуіне жол



ҚАРЖЫ ТАЗАЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАҢА ӨЛШЕМІ

бермейтін тиімді бақылау жүйесін қалып-тастыру.

Заң аясында зергерлік сала қызметін реттеу, кәсіби бірлестіктердің өз мүшелерінің заң талаптарын сақтауына бақылау жүргізу тетіктері нақтыланып отыр. Қаржылық мониторинг субъектілері бұдан былай Қаржылық мониторинг агенттігінің сұратуы бойынша тек операциялар туралы емес, өзге де қажетті мәліметтерді ұсынуға міндеттелді.

Бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлердің қызметін бастау, тоқтату жөніндегі хабарлама тәртібі заңмен бекітілді. Сонымен қатар қаржылық мониторинг субъектілері бұдан былай websfm.kz арнайы порталда міндетті түрде тіркелуге, жеке кабинетін ашуға тиіс.

Қаржылық операциялардың шекті мөлшерлеріне де өзгерістер енгізілді: инвестиция тарту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар үшін шекті сома ұлғайтыла, зергерлік ұйымдар үшін керісінше, төмендетілді. Қаржылық лизинг шарттары бойынша қолма-қол немесе қолма-қолсыз жүзеге асырылатын ақша мен өзге мүлік операцияларына жаңа талаптар белгіленді. Салық төлеуден мүлдем босатылатын коммерциялық емес ұйымдарға бақылау күшейтілді. Енді олардың мәлімдеген қызметі мен нақты жұмысының сәйкестігі, көрсетілген көмектің мақсатты жұмсалуды жіті қадағаланады.

ҚМА тарапынан қырағы тексерілетін қаржылық мониторинг субъектілерінің қатары да күрт кеңейтілді. Енді оған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, тиісінше, барлық ХҚКО-лар мен мамандандырылған ХҚКО-лар, ұялы байланыс операторлары, тауар биржа-

ларының клирингтік орталықтары, қор биржалары, тіпті халық қолданыста болған техникасын тапсыратын комиссиялық дүкендерге дейін енгізілді. 2026 жылдан бастап бұл ұйымдар жүргізілген мәмілелердің заңдылығы, ақшаны жылыстатуға қатысының жоқтығы туралы есеп беруге міндетті болады.

Қазақстан бұл бағыттағы халықаралық міндеттемелерін абыроймен атқарып келеді. Ел ФАТФ (Financial Action Task Force, Қаржылық шараларды әзірлеу тобының) стандарттарын орындауға міндетті және ұлттық жүйенің тиімділігі бойынша халық-аралық бағалаудан тұрақты өтеді. Алайда бұл «Қазақстан әрбір қаржылық операция немесе әрбір қылмыстық іс бойынша жеке есеп беруі керек» дегенді білдірмейді. Халықаралық бағалауда ең алдымен заңнаманың талаптарға сәйкестігі, қаржылық барлау жүйесінің нәтижелілігі, қылмыстық істердің сотқа жетуі, заңсыз активтерді тәркілеу тиімділігі, халықаралық ынтымақтастық деңгейі қаралады.

Осы талаптар аясында әрі жаңа заңға сәйкес, Қазақстанда жыл сайын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық баяндама әзірленіп, Мемлекет басшысына ұсынылатын болады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ БЕЙНЕСІ ТҮРЛЕНДІ

Ақшаны жылыстату — экономикалық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін күрделі құбылыс. Оның әдістері уақыт өткен сайын өзгеріп келеді. Бұрын заңсыз табысты жасыру үшін банк операциялары немесе мүлік сатып алу жеткілікті болса, бүгінде қылмыстық капитал цифрлық активтерді, соның ішінде криптовалюталарды, инвес-

тицияны, халықаралық қаржы тетіктерін пайдаланады.

Қазақстанда мұндай істердің саны күрт өсті. Демек, елде лас қаржыны заңдастыру кең қанат жайған ба? Қаржылық мониторинг агенттігі мамандарының түсіндіруінше, бұл жайт қаржылық бақылау жүйесінің күшеюін де көрсетеді. Ресми мәліметке жүгінсек, 2025 жылы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру фактілері бойынша 140 қылмыстық іс тіркеліпті. Бұл 2024 жылға қарағанда бірден 84%-ға көп. Соңғы он жылдағы ең жоғары деңгей де осы кезеңде байқалды. Оның ішінде 98 іс бойынша тергеу аяқталып, 93 іс сотқа жолданған.

Ақшаны жылыстату көбіне жеке қылмыс емес, басқа заңсыз әрекеттерден кейінгі соңғы кезең саналады. 2025 жылғы деректер бойынша заңсыз кірістердің негізгі бөлігі алаяқтықтан тамыр тартып жатыр. Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша жасалған алаяқтық фактілері жалпы көрсет-кіштің 31%-ын құрады. Қаржы пирамида-ларының үлесі — 18%, бөтен мүлікті иемдену немесе талан-тараж етуге қатысты 189-бап

бойынша істер 13%, заңсыз кәсіпкерлікке қатысты 214-бап бойынша істер — 13%, ұйымдасқан қылмыстық топ құруға байла-нысты 262-бап аясындағы істердің үлесі 11% болды. Осы 5 бағыт барлық заңдастыру фактісінің шамамен 86%-ын құрайды.

— Бұл қазіргі заңсыз қаржы ағынының негізгі көзі экономикалық алаяқтық, интер-нет-қылмыс, қаржы пирамидалары, көленкелі кәсіпкерлік екенін көрсетеді. Заңсыз қаражатты заңды айналымға енгізу әдетте 3 кезеңнен өтеді: алдымен қылмыстық та-быс пайда болады, кейін оның шығу тегі жасырылады, сонында ақша заңды экономикаға қайта енгізіледі, — деп түсіндірді ҚМА мамандары.

Қазақстанда заңсыз кірістерді заңдас-тыруда ең жиі қолданылатын тәсілінің бірі — туыс, дос не таныс адамдарды, сенімді тұлғаларды, бақылаудағы компанияларды арам мақсатта пайдалану. Оның үлесі 64%-ды құрады. Жылжымалы және жылжымайтын мүлік арқылы лас ақшаны «адалау» операцияларының үлесі 62%-ға, банк құралдарын пайдалану 24%-ға жетті.

ЖАҢА КАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП

Қазіргі қаржы қылмыстарының басты ерекшелігі — олардың сырттай заңды кәсіпкерлікке ұқсайтынында. Қылмыстық топтар компания құрады, келісімшарт жасайды, бухгалтерлік есеп жүргізеді, барлық салығын тап-тұйнақтай төлейді, заңды банк жүйесін пайдаланады.

Сонымен қатар заңсыз қаржыны жылыстатудың жаңа құралдары кең тарап жатыр. Олардың қатарында криптовалюта операциялары, инвестициялық жобалар, кассалық операциялар, бағалы қағаздар



ғылыми, мәдени және туристік әлеуеті өте жоғары.

Егер Сығанақ қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстарына жеткілікті қаржы бөлініп, Отырардағыдай кешенді қазба мен музейлендіру жұмыстары жүргізілсе, тарихымыздың көптеген беймәлім беттері ашылар еді. Тіпті Сығанақтың тарихи салмағы кейбір қырынан Отырардан да жоғары деп есептейміз. Себебі бұл қала астана болған кезеңде мемлекет тағдырын айқындаған маңызды саяси оқиғалар мен шешімдер дәл осы жерде қабылданған. Сондай-ақ тарихи деректерде Есім ханға дейінгі бірқатар билеушілердің осы қалада билік жүргізгені айтылады. Бұдан бөлек, көптеген қазақ хандарының Сығанақта жерленгені жөнінде ғылыми жорамалдар да бар.

Осыған байланысты Қызылорда облысында Сығанақ қалашығының базасында республикалық деңгейдегі қорық-музей ашатын уақыт келді деп санаймын. Егер бұл қорық-музейдің құрамына Сауыскандық, Өзгент, Аққорған секілді өңірдегі өзге де тарихи-мәдени ескерткіштер енгізілсе, ол Әзірет Сұлтан қорық-музейі тәрізді ірі ғылыми-туристік кешенге айналар еді. Қазір мұндай ауқымды жобаны жүзеге асырудың қажеттілігі айқын сезіліп отыр. Осындай жүйелі жұмыстар қолға алынғанда ғана Сыр өңірінің туристік әлеуеті жаңа деңгейге көтеріліп, тарихи мұрамыздың халықаралық деңгейде танылуына жол ашылады», — дейді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Асхат Сайлау.

Осы орайда Сыр өңірінің туристік әлеуетіне қатысты Қызылорда облысының туризм басқармасынан сұрап көрдік.

Басқарма ұсынған деректерге сәйкес, өңірде туризм саласының негізгі көрсеткіш-тері тұрақты өсімді көрсетіп отыр. Нақты айтқанда, 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысында облысқа келген туристер саны 59,7 мың адамға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,5 пайызға артқан. Оның ішінде 57,7 мыны

нарығы, ойын бизнесі бар. Цифрлық актив-тер қаражатты халықаралық деңгейде жылдам ауыстыруға, шекарадан ары асыруға мүмкіндік беретіндіктен, оны бақылау қаржылық мониторинг жүйесіне қиынға түседі, тиісінше, оған тетіктерді жетілдіру бойынша жаңа міндеттер жүктейді.

Сондықтан Қазақстанда ақшаны жы-лыстатуға қарсы күрес «қылмысты анық-таудан алдын алу» бағытына ауыса бастады. Тәуекелге негізделген мониторинг, цифрлық талдау құралдары, ведомствоаралық ақпарат алмасу заңсыз капитал қозғалысын ерте анықтаудың негізгі тетіктеріне айналды.

Қаржылық қылмыстың өзгеруі терроризм-ді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл жүйесін де жетілдіруді талап етеді. Осы бағытта Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының №17 бұйрығымен заңсыз кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау қағидаларына өзгерістер енгізілді. Енді ұлттық тәуекелдерді бағалау жүйесі тек ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржы-ландыру қатерлерін емес, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдерін де қамтиды.

Қаржылық мониторинг агенттігі үйлес-тіруші орган ретінде белгіленген бұл іске Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік кірістер комитеті секілді органдар жұмылдырылады және олардың функциялары айқындалды.

Ұлттық тәуекелдерді бағалаудың мақса-ты — қауіп көздерін анықтау, әлсіз тұстарды белгілеу, қолданылып жатқан шаралардың тиімділігін бағамдау. Бұл жұмыс 12 ай бойы жүргізіледі, ал қайта бағалау әрбір 36 ай сайын жүзеге асырылады. Бағалау барысында мемлекеттік органдар қажетті мәліметтерді уәкілетті орган жүйесіндегі жеке кабинеттер арқылы ұсынуға тиіс. Ақпаратты талдау кезеңі 3-5 айға созылады. Нәтижесінде, тәуекелдер жоғары, орта немесе төмен деңгейлерге бөлініп, қорытынды есеп дайындалады. Нәтиже туралы тікелей Президент құлағдар етіледі.

Есеп ведомствоаралық келісуден кейін уәкілетті орган жанындағы кесексе ұсы-нылады. Оның құпия бөлігі арнайы архивке жолданады, тек ашық бөлігі Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында жарияланады. Шектеулі ақпарат қамтылған бөлігі тиісті органдар мен қаржылық мони-торинг субъектілеріне жолданады.

Бүгінгі басты міндет — заңсыз капиталды пайда болуына орай тек тегеурінді әрекет ету емес, оның қалыптасуына пәрменді жол бермеу. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы, инвестициялық тартымдылық, банк сек-торына деген сенім, азаматтардың эконо-микалық қауіпсіздігі осы жүйенің тиімділігіне байланысты. Қаржы тазалығы — жалғыз бақылауға ғана қатысты мәселе емес. Ол мемлекеттің тұрақтылығын, экономикалық дербестігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық құндылықтың біріне айналды.

СЫРДЫҢ ТУРИСТІК СЕРПІНІ: МҮМКІНДІК ПЕН МІНДЕТ

Еліміздің туризм саласында Қызылорда облысының мүмкіндігі мол. Өйткені өңірде ғарыш тарихы, адамзат өркениетінің көне іздері мен түркі дүниесінің рухани мұрасы қатар тоғысып жатыр. Алайда осындай бірегей артықшылықтарға қарамастан, Сыр елінің туристік әлеуеті әлі толық ашылар емес.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

ШАМА БАР, ШАРА ЖОҚ

Төрткүл дүниеде табиғи байлығы мен тарихи мұрасын туризм саласында тиімді пайдаланып, осы арқылы көптеген жаңа жұмыс орнын ашып отырған мемлекеттер қатары көп. Бұл тұрғыда туризм бағытын ұлттық экономиканың басым салаларының бірі ретінде айқындауға бет бұрған еліміздің де үлесі басым. Оның ішінде Сыр өңірінің туристік әлеуеті жоғары. Алайда атқарар жұмыстардың ауқымдылығы әлі де аз емес.

Негізінен, Сыр өңірі Байқоңыр ғарыш айлағы, Қорқыт ата кешені, Сығанақ пен Жанкент секілді көне қалалар, Арал теңізі мен Барсакелмес қорығы сынды әлемдік деңгейдегі туристік нысандар шоғырланған киелі мекен саналады. Шынын айту керек, мұндай әлеует еліміздің өзге аймақтарында кемшін. Соған қарамастан Қызылорда облысы қолда бар мүмкіндіктерді әлі күнге дейін өңір экономикасының толыққанды драйверіне айаладыра алар емес. Неге?

Өйткені жылдан-жылға өңірге ағылып жатқан туристер санында өсім байқалға-нымен, инфрақұрылым, сервис сапасы, халықаралық деңгейдегі жарнама және туристік өнімдерді әртараптандыру мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Сондықтан бүгінгі басты міндет — Сыр өңірінің табиғи және тарихи байлығын заманауи туризм индустриясының талаптарына сай дамытып, оны өңірдің тұрақты экономикалық өсімінің жаңа тірегіне айналдыру қажеттігі өздігінен сұранып тұр.

Статистикаға сүйенсек, әлемнің көптеген елінде туризм мұнайдан кейінгі ең табысты сала саналады. Осы арқылы бірінші кезекте жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта кәсіпті дамытуға болады. Сол сияқты ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейде насихаттауға мүмкіндік мол.

Осы тұрғыдан алғанда, аймақтың басты брендіне айналған Байқоңыр ғарыш айла-ғының әлеуеті орасан. Қазірдің өзінде жыл сайын әлемдегі тұңғыш, әрі ең ірі ғарыш кешені мындаған шетелдік туристердің қызығушылығын тудырып келеді. Алайда

бұл бағытты халықаралық деңгейде кеңінен насихаттау жұмыстарында әлі де кемшін тұстары байқалады. Мәселен, ғарыш ке-мелерінің ұшырылуын тамашалау, ғарыш музейлерін аралау, ғарышкерлер жүрген орындарда саяхат ұйымдастыру көптеген елдерде жок туристік өнім саналады. Сон-дықтан осындай жұмыстарды насихаттау барысын әлде де жетілдірсе, Қызылордаға шетелдік саяхатшылардың ағыны еселей түсері анық.

Бұған қоса, Сырдың тарихи-мәдени мұрасы баға жетпес құндылық болып табылады. Соның ішінде «Қорқыт ата» мемориалды кешені — күллі түркі әлемінің қасиетті орындарының бірі. Негізі, Алтайдан тараған күллі түркі жұрты Қорқытты қобыз-дың атасы, ұлы жырау, көріпкел, ойшыл, әрі мәңгілік өмір философиясының символы ретінде құрметтейді. Оның мұрасы қазақ халқымен қатар түрік, әзербайжан, түрікмен, каракалпак, башқұрт, ноғай және татар халықтарының ортақ рухани қазынасына айналған.

Жалпы, Қорқыт туралы аңыздардың негізгі өзегі мәңгілік өмірді іздеу тұжы-рымдамасымен көрініс табады. Сондықтан Қорқыт мұрасы тек тарихи тұлға емес, бүкіл түркі өркениетінің философиялық символы саналады.

«Қазіргі мемориалдық кешен 1980 жылы архитектор Бек Ибраев пен физик-акустик Совет Исатаевтың жобасымен салынды. Жоғарыдан қарағанда қобыз бейнесін елестететін кешеннің ортасындағы металл түтіктер жел соққанда қобыз үніндей әуен шығарады. Бұған дейін Қорқыт мұрасы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген. Сонымен қатар кешен Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандарының қатарына кіреді.

Бүгінде Қорқыт ата кешенінде халық-аралық деңгейдегі жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Облыс әкімдігінің қолдауымен 2006 жылдан бері үш жыл сайын «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі ұйымдастырылып келеді. Бұған қоса, жыл басынан бері музейде 90-нан астам мәдени іс-шара өткізіліп, екі мыңға жуық экскурсия ұйымдастырылды. Биыл кешенге 12 250

ДАУА

4 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

— XXI ғасырда жаңа технологиялардың жедел дамуымен қатар, адамның өмір сүру сапасын жақсарту мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Яғни бүгінде әрбір адам материалдық және рухани дамудан бөлек, ұзақ әрі бақытты өмір сүруге лайықты деген түсінік қалыптасып келеді. Осы орайда сіз еліміздің денсаулық сақтау жүйесі заман талабына сай қалай өзгеруі керек деп ойлайсыз?

— Бүгінде денсаулық сақтау жүйесінің даму деңгейін бағалау үшін халықтың күтетін өмір сүру ұзақтығының артуына ғана сүйену жеткіліксіз. Одан да маңызды көрсеткіш — адамның ауыр созылмалы ауруларсыз, күнделікті өмірде шектеулерсіз және тұрақты медициналық көмекке тәуелді болмай қанша жыл өмір сүретіні. Сондықтан қазір негізгі индикаторлардың бірі ретінде күтілетін индикаторы өмір сүру ұзақтығы қарастырылады.

Көптеген елде жалпы өмір сүру ұзақтығы мен саламаттық өмір сүру ұзақтығының арасында айтарлықтай алшақтық сақталып отыр. Бұл адамдардың өмірінің соңғы жылдарын көбіне созылмалы аурулармен, қозғалу белсенділігінің төмендеуімен және тұрақты күтімді қажет ететін жағдайда өткізетінін білдіреді. Сондықтан қазіргі денсаулық сақтау жүйесінің басты мақсаты — адамның өмірін ұзарту ғана емес, оның белсенді, дербес әрі сапалы өмір сүретін кезеңін барынша ұлғайту.

Осы мақсатқа жету үшін денсаулық сақтау жүйесінің басымдықтарын ауруды емдеуден оның алдын алуға көшіру қажет. Профилактика, ауруларды ерте анықтау, диспансерлік бақылау және саламатты өмір салтын қалыптастыру стационарлық көмектің қосымша бағыты емес, мемлекеттік саясаттың дербес басымдығына айналуға тиіс.

Сонымен қатар мұндай өзгерістер қаржыландыру жүйесін қайта қарауды талап етеді. Қазіргі кезде ресурстардың басым бөлігі стационарларды ұстауға және аурулардың асқинуын емдеуге бағытталып отырғандықтан, профилактикалық бағыт жеткілікті деңгейде дамымай келеді. Сондықтан алғашқы медициналық-санитарлық көмекті, скринингтік бағдарламаларды, ауруларды ерте анықтауды және созылмалы ауруларды басқару жүйесін қаржыландыруды кезең-кезеңімен ұлғайту қажет. Бұл ауруханалардан бас тарту деген сөз емес. Керісінше, денсаулық сақтау жүйесі адамның ауруханаға мүмкіндігінше сирек түсуіне мүдделі болуы керек, яғни аурудың алдын алуға және денсаулықты сақтауға басымдық бергені жөн.

Бұдан бөлек, геронтология мен гериатриялық көмекті дамыту ерекше маңызға ие. Өмір сүру ұзақтығының артуы егде жастағы азаматтар санының көбеюіне және бірнеше созылмалы ауруы бар адамдар үлесінің өсуіне заңды түрде алып келеді. Сондықтан мұндай пациенттерге жекелеген медициналық қызметтердің жиынтығы емес, медициналық көмекті, оналтуды, когнитивтік денсаулықты сақтауды, құлаудың алдын алуды және адамның өз бетінше өмір сүру қабілетін қолдауды қамтитын кешенді қолдау қажет. Бұл міндеттерді іске асыру тек денсаулық сақтау жүйесінің ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қорғау, қалалық инфрақұрылым, спорт және білім беру салаларының да өзара үйлесімді жұмысын талап етеді.

— **Жалпы халықаралық тәжірибеде денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы**

Елімізде 3 тамыздан бастап емханалардағы медициналық көмек көрсету тәртібі өзгерді. Енді кейбір бейінді дәрігерлердің қабылдауына жолдасыз жазылу мүмкін болуы ықтимал. Біз Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының жаһандық экономика және тұрақты даму бөлімінің басшысы Бибігүл Өмірбаевамен жалпы денсаулық саласында жасалып жатқан реформалар жөнінде әңгімелескен едік.

Бибігүл ӨМІРБАЕВА:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ПРОФИЛАКТИКАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУГЕ ТИІС

қандай талаптар бойынша бағаланады? Ал біздіге жағдай қандай?

— Бүгінде халықаралық ұйымдар денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын ауруханалардың, медициналық жабықтардың немесе дәрігерлер санының жеткіліктілігімен ғана бағаламайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2025-2028 жылдарға арналған жаңа Жаһандық стратегиясына сәйкес, денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы оның қалыптасу жағдайда халыққа сапалы медициналық көмек көрсете алуымен қатар, пандемиялар, климаттың өзгеруі, демографиялық өзгерістер, төтенше жағдайлар және өзге де дағдарыстар сияқты жаңа сын-қатерлерге тиімді жауап беру қабілетімен айқындалады.

Осыған байланысты денсаулық сақтау жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірнеше негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, бұл — бүкіл жүйенің негізі болып саналатын алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Дәл осы бөлім ауруларды уақытылы анықтауға, профилактикалық шараларды жүргізуге және пациенттерді үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде халықты медициналық қызметтермен жалпыға бірдей қамтудың негізгі тетігі болып табылады.

Екіншіден, халықтың қаржылық қорғалуына ерекше мән беріледі. Қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесі азаматтарға қажетті медициналық көмекті елеулі қаржылық шығынға ұшырамай алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл — бүгінде көптеген елдің денсаулық сақтау саясатының негізіне айналған жалпыға бірдей медициналық қамтудың басты қағидаттарының бірі.

Үшіншіден, жүйенің төтенше жағдайларға дайын болуы маңызды өлшемге айналды. COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау жүйесінің қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтап, оларға жедел әрекет ете отырып, сонымен қатар халыққа жоспарлы медициналық көмекті үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ете алуы қажет екенін көрсетті. Сондықтан қазір жүйенің тұрақтылығы оның дағдарыс жағдайларына дайындық деңгейімен және өзгермелі жағдайларға тез бейімделу қабілетімен тікелей байланысты.

Тағы бір маңызды талап — медициналық көмектің баршаға тең қолжетімділігі. Адамның тұрғылықты жеріне, табыс деңгейіне, жасына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, әрбір азамат сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндікке ие болуға тиіс. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы медициналық қызметтердің тең қолжетімділігін денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Осылайша, қазіргі халықаралық тәжірибеде тұрақты денсаулық сақтау жүйесі — ауруларды емдеумен ғана шектелетін жүйе емес. Халықты сапалы медициналық қызметпен жалпыға бірдей қамтамасыз ететін, заманауи технологияларды тиімді пайдаланатын, түрлі дағдарысқа дайын әрі адам денсаулығын өмір бойы сақтауға бағытталған жүйе. Дәл осындай тәсіл бүгінде әлемнің көптеген еліндегі денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі стратегиялық бағытын айқындайды.

— **Қазір жні сөз болып жүрген денсаулық сақтаудағы адамға бағытталған қағидат деген не?**

— Адамға бағдарланған қағидаттың мәні — денсаулық сақтау жүйесінің басты назарында адамның өзі, оның денсаулығы, қауіпсіздігі және өмір сапасы тұруы. Бүгінде денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі көрсетілген медициналық қызметтердің көлемімен емес, пациенттің нақты қол жеткізген нәтижесімен бағалана бастады.

Бұл тәсіл қазіргі халықаралық үрдістерге толық сәйкес келеді. OECD елдерінде, Еуропалық одақта, АҚШ-та және Канадала құндылыққа негізделген (value-based) және адамға бағдарланған денсаулық сақтау модельдері кеңінен енгізілуде. Оның басты ерекшелігі — жүйенің тиімділігі көрсетілген қызметтердің санымен емес, емдеу нәтижесімен, пациенттің өмір сапасымен, медициналық көмектің қауіпсіздігімен және азаматтардың қанағаттану деңгейімен бағаланады. Сонымен қатар қаржыландыру тетіктері де өзгеріп келеді: медициналық қызмет көлеміне қарай төлеуден нақты нәтижеге қарай қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылуда.

Адамға бағдарланған тәсіл тек пациенттерге ғана қатысты емес. Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты дамуы медицина қыз-

меткерлерінің құқықтары мен мүдделерінің қорғалуынсыз мүмкін емес. Дәрігерлер, мейіргерлер және басқа да медицина мамандары — саланың негізгі адами капиталы. Сондықтан олардың лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету, кәсіби дамуына мүмкіндік жасау, әкімшілік жүктемені азайту және кәсіби күйіп кетудің алдын алу ерекше маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, елімізде медицина қызметкерлерін құқықтық қорғауды күшейту туралы заңның қабылдануы маңызды қадам болды. Бұл құжат медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын арттыруға, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және дәрігер мамандығының қоғамдағы беделін нығайтуға бағытталған.

— **Денсаулық сақтау жүйесіндегі цифрлық трансформация және заманауи медициналық акпараттық жүйелер мен жасанды интеллект негізіндегі шешімдердің саланы дамытудағы рөлі қандай?**

— Бүгінде цифрлық трансформация әлемдегі денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарының біріне айналды. Алайда цифрландырудың басты мақсаты — технологияны енгізудің өзі емес, медициналық көмектің сапасын, қолжетімділігін және қауіпсіздігін арттыру.

Заманауи медициналық акпараттық жүйелер пациент туралы мәліметтерді бір ортаға біріктіріп, емдеу үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, қателіктердің алдын алады, қайталанатын зерттеулерді азайтады және дәрігерлердің әкімшілік жүктемесін жеңілдетеді.

Кейінгі жылдары жасанды интеллектінің рөлі де айтарлықтай артып келеді. Бүгінде ол медициналық бейнелерді талдау, диагноз қоюға қолдау көрсету, аурулардың даму қаупін болжау, емдеуді жекелендіру және пациенттер ағынын басқару сияқты бағыттарда қолданылып жүр. Сонымен қатар жасанды интеллект дәрігерді алмастырмайды. Ол дәрігердің шешім қабылдауына көмектесетін құрал ретінде үлкен көлемдегі акпаратты жылдам өңдеуге және диагностикалық қателіктердің тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

Цифрландырудың мемлекеттік басқару үшін де маңызы зор. Бірыңғай акпараттық жүйелер медициналық ұйымдардың қызметі туралы нақты деректерді алуға, медицина-

лық көмектің сапасын бақылауға, қаржылық және кадрлық ресурстарды тиімді жоспарлауға, сондай-ақ жүйелі мәселелерді уақытылы анықтауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы басқарушылық шешімдер тек сараптамалық пікірге ғана емес, нақты деректерге сүйене отырып қабылданады.

Сонымен қатар цифрлық трансформация кешенді тәсілді талап етеді. Жаңа технологияларды енгізумен қатар, дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге, акпараттық жүйелердің өзара үйлесімділігіне, медицина қызметкерлерін даярлауға және олардың цифрлық құзыреттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінуі қажет.

— **Ал Бірыңғай мемлекеттік медициналық акпараттық жүйенің енгізілуі (БМКЖ) жекелеген адамдардың медициналық ұйымдарға немесе емханаларға жүгіну барысындағы алған қызметін бақылау мен ашықтығын қамтамасыз етуге қаншалықты маңызды болмақ?**

— Бірыңғай мемлекеттік медициналық акпараттық жүйені енгізу — еліміздің денсаулық сақтау саласын цифрлық трансформациялаудағы маңызды кезең. Ең бастысы — бұл тағы бір жаңа акпараттық жүйені құру емес, керісінше, пациенттер, медициналық ұйымдар және көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді біріктіретін бірыңғай цифрлық кеңістікті қалыптастыру.

Азаматтар үшін бұл жүйенің ашықтығын арттырады. Әрбір пациент өзінің дәрігерге жүгіну тарихын, тағайындалған емін, жүргізілген тексерулерді және көрсетілген медициналық қызметтерді көре алады.

Мемлекет үшін Бірыңғай мемлекеттік медициналық акпараттық жүйе нақты деректерге негізделген басқарудың тиімді құралына айналады. Ол медициналық көмектің сапасын нақты уақыт режимінде талдауға, бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын бағалауға және ықтимал бұзушылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Ал медицина қызметкерлері үшін бұл жүйе пациенттің толық медициналық акпаратына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, қайталанатын тексерулерді азайтады, емдеу үдерісінің сабақтастығын күшейтеді және медициналық көмектің қауіпсіздігін арттырады.

Сонымен бірге жүйенің тиімділігі тек цифрлық платформаның өзіне ғана байланысты емес. Оның табысты жұмыс істеуі деректердің сапасына, барлық медициналық акпараттық жүйелердің өзара ықпалдасуына, дербес деректердің сенімді қорғалуына және пайдаланушылар үшін қолайлылығына тәуелді. Цифрлық технологиялар медицина қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетуі керек, қосымша әкімшілік жүктеме жүктемеуге тиіс.

Түптеп келгенде, бірыңғай мемлекеттік медициналық акпараттық жүйе басқарушылық шешімдер нақты деректер негізінде қабылданатын, медициналық көмектің сапасы мен ашықтығы артқан және азаматтардың мүддесіне бағытталған заманауи денсаулық сақтау жүйесінің негізіне айналуға тиіс.

— **Рәкмет!**

Әңгімелескен
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

САУ ҰЛТ – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ

Тәуелсіздік таңынан кейін елімізде құрылыс саласы ерекше қарқын алды. Әсіресе әлеуметтік бағытқа айрықша басымдық берілуде. Міне, осы игіліктің жалғаса ретінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Тараз қаласында Инклюзивті спорт орталығының құрылысы басталып, жаңа нысанның іргетасына капсула салу рәсімі өтті. Салтанатты шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, жобаның өңірдегі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудағы маңызына тоқталды.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Өңір басшысы өз сөзінде жаңа нысанның құрылысы адамға деген құрметтің, тең мүмкіндік қағидатының және әлеуметтік жауапкершіліктің нақты көрінісі екенін атап өтті. Сондай-ақ облыста мүмкіндігі шектеулі азаматтарды бұқаралық спортқа тарту, спорттық резервті даярлау және халықаралық аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын жеткізді.

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында халықтың өмір сүру сапасын арттыруды, бұқаралық спортты дамытуды және ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін қолайлы орта қалыптастыруды мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындап келеді. Бүгін бастау алған Инклюзивті спорт орталығының құрылысы — осы стратегиялық міндеттердің нақты жүзеге асуының айқын дәлелі.

Спорт инфрақұрылымын дамыту — өңірдің тұрақты дамуының маңызды

бағыты. Себебі дені сау ұлт — қуатты мемлекеттің негізі. Ал инклюзивті спорт әрбір азаматқа өзінің әлеуетін ашуға, қабілетін дамытуға және қоғам өміріне белсенді араласуға мүмкіндік береді.

Бүгін іргетасы қаланған орталық алдағы уақытта мыңдаған тұрғынға қызмет көрсетіп, жас спортшылардың алғашқы жетістеріне жол ашатын, параспортшылардың жаңа белестерді бағындыруына мүмкіндік беретін маңызды спорт ордасына айналады деп сенеміз, — деді Ербол Қарашөкеев.

Жоба аясында халықтың барлық санатына, соның ішінде мүгедектігі бар азаматтар мен жүріп-тұруы шектеулі адамдарға арналған заманауи, қауіпсіз әрі қолжетімді көпфункционалды спорт кешені бой көтереді.

Орталық құрамында әмбебап спорт залы және көрермендерге арналған мінберлер, тренажер және емдік денешынықтыру залдары, медициналық және психолог кабинеттері, әкімшілік және жаттықтырушылар кабинеттері, конференция залы, буфеті бар демалыс аймағы,



күту және тіркеу аймағы бар кең вестибюль, киім ауыстыратын бөлмелер, душ және санитарлық тораптар, техникалық және қосалқы үй-жайлар қарастырылады.

Орталықтың жалпы аумағы 1,6 гектарды, ал ғимараттың жалпы ауданы 3 600 шаршы метрді құрайды. Нысан бір мезетте 300 келушіні қабылдай алады. Құрылыс жұмыстарын 2027 жылдың ақпан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Қазір Жамбыл облысында денешынықтыру және спортпен айналысуға мүмкіндігі бар 19 278 мүгедектігі бар азамат тіркелген. Оның ішінде 4 383 адам немесе 22,7 пайызы спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Оның 1 481-і — жасөспірімдер.

Салтанатты шара барысында BI Construction & Engineering компаниясының Оңтүстік дивизионының директоры Илияс Рүстем мен Қазақстан Ұлттық Паралимпиада комитеті вице-президенті Зұлфия Ғабидуллина сөз сөйлеп, жаңа спорт орталығы ерекше қажеттілігі бар азаматтардың спортпен жүйелі айналысуына кең мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік жоба екенін атап өтті. Сондай-ақ олар бастамаға қолдау білдіріп, құрылыс жұмыстарының сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді.

— Бүгін ерекше қажеттілігі бар барлық спортшы үшін айрықша әрі маңызды күн. Инклюзивті спорт орталығының құрылысының басталуы — көптен күткен қуанышты оқиға. Бұл орталық тек жаңа спорт нысаны ғана емес, мүмкіндігі әртүрлі азамат үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұнда олар заманауи жағдайда спортпен шұғылданып, жан-жақты дамып, өз күшіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қойып, жеңістерге жете алады. Мемлекет басшысына инклюзивті спортты дамытуға көрсетіп отырған қолдауы және еліміздің барлық өңірінде мамандандырылған спорт орталықтарын салу жөніндегі бастаманы жүзеге асырып жатқаны үшін алғыс білдіремін, — деді Зұлфия Ғабидуллина.

Міне, осылайша Жамбыл облысы тапсырма талаба нәтиже екенін көрсетіп, игі дүниеге қадам басып отыр. Бұл сөз жоқ бас бармақпен бағалауға тұрарлық дүние.

АЙМАҚ

ТҮРКІСТАН – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ



Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық әріптестік — Орталық Азиядағы тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтас-тықтың жарқын үлгісі. Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Респуб-ликасы Өңірлер басшылары кеңесінің бірінші отырысы және «Қазақстан — Өзбекстан: бірлескен жобалар және өсудің жана мүмкіндіктері» тақырыбындағы бизнес-диалог екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетті. Мамызды жиынға Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов, екі елдің мемлекеттік органдары, өңірлері мен бизнес қауым-дастығының өкілдері қатысты. Өңірлер басшылары кеңесінің алғашқы отырысында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық мемлекет-тер басшылары айқындаған стратегиялық бағыттың нақты нәтижесіне айналып отырғанын атап өтті.

Түркістан облысы мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық қатынас-тар да жыл санап кеңейіп келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңір мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 511 млн АҚШ долларынан асты. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 109 пайызға өскен. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің айтуынша, негізгі мақсат — сауда көлемін арттырумен қатар, бірлескен өндірістердің санын көбейтіп, жоғары қосылған құны бар өнім шығаруға көшу. Қазір «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы аумағында жалпы құны 234 млн АҚШ долларын құрайтын алты инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар жаңа өндірістерді іске қосып, жұмыс орындарын ашуға және екі ел арасындағы өндірістік байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Түркістан облысында өзбек капиталының қатысуымен жалпы

құны 73 млн АҚШ долларын құрайтын тамшылатып суару жүйелерін өндіру, ет кластерін құру, балық шаруашылығын дамыту, туристік инфрақұрылымды жетілдіру және металл өңдеу салаларындағы жобалар жүзеге асырылып жатыр. Ақтауда өткен бизнес-диалогтың Түркістан облысы үшін де маңызы зор болды. Іс-шара қорытындысында Түркістан облысы әкімдігі мен өзбекстандық серіктестер арасында жалпы құны 78 млн АҚШ долларын құрайтын инвестициялық меморандумдарға қол қойылды. Келісімдер аясында металл өңдеу зауытын салу, күнбағыс майын өндіру, жүгеріні терең өңдеу, ет өңдеу кешенінің өнімдерін халықаралық нарыққа шығару және заманауи балық шаруашылығы кешенін құру жобалары көзделген. Атап айтқанда, құны 47 млн АҚШ долларын құрайтын жоба аясында профлист, металл құбырлар, сәндівич-панельдер және жеңіл болаттан жасалған жұқа қабырғалы конструкциялар өндіретін

кәсіпорын салынбақ. 2 млн АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша күнбағыс майын өндіретін зауыт іске қосылады. 5 млн АҚШ долларына бағаланған жоба жүгеріні терең өңдеу өнімдерін өндіруге және экспорттауға бағытталса, 12 млн АҚШ долларын құрайтын жоба аясында ет өңдеу кешенінің өнімдерін халықаралық нарыққа шығару жоспарланған. Сондай-ақ 12 млн АҚШ долларына тұқым өсіруге арналған заманауи балық шаруашылығы кешенін құру жөнінде келісім жасалды. Бұл жобалардың барлығы бір ғана экономикалық көрсеткіштермен өлшен-бейді. Олар жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндірістік кооперацияны кеңейтуге, экспорттық әлеуетті арттыруға және Қа-зақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара тәуелділікті экономикалық тұрғыдан нығайтуға мүмкіндік береді. Түркістан облысының экономикалық дамуында да бұл бағыт айқын байқалады. Өңір шикізатты сыртқа шығаруға негізделген модельден оны терең өңдеп, жоғары қосылған құны бар дайын өнім

шетелдік инвестициялардың үлесіне тиесілі болды. Бұл көрсеткіштер Қазақ-станның инвестициялық тартымдылығын ғана емес, елдің халықаралық серіктес-терімен өзара тиімді экономикалық байланыстарды дамытуға деген ұстанымы-ның тұрақтылығын да көрсетеді. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты — су ресурстарын тиімді пайдалану. Орталық Азия үшін су мәселесі тек эконо-микалық немесе экологиялық мәселе емес, өңірлік қауіпсіздік пен тұрақты дамудың стратегиялық факторы болып саналады. Сондықтан мемлекеттер ара-сындағы ашық диалог пен өзара келісімге негізделген су дипломатиясының маңызы жыл сайын артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның су үнемдеу техно-логияларын енгізуге басымдық беруі — ұзақмерзімді тұрақты даму саясатының бір бөлігі.

Түркістан облысында бүгінде су үнемдеу технологиялары 164 мың гектар алқапқа енгізілген. Оның 37 мың гектары биыл іске асырылған. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті тағы 13 мың гектарға ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар ауыл шаруашылығының тиімділігін арттырып қана қоймай, трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі өңірлік ынтымақтастыққа да өз үлесін қосады. Қазақстанның халықаралық бастама-ларының өзегінде бейбітшілік, өзара сенім және тұрақты даму идеясы жатыр. Елдің БҰҰ аясындағы бітімгершілік қызметі, ядролық қарусыздану бастама-лары, халықаралық және өңірлік ұйым-дардағы белсенді дипломатиялық ұстанымы Қазақстанның жаһандық және аймақтық деңгейдегі жауапты мемлекет ретіндегі беделін нығайтып келеді. Бүгінде Қазақстан өзінің сыртқы саяси басымдықтарын бейбіт дипломатия, тату көршілік және өзара тиімді эконо-микалық серіктестік қағидаттарымен сабақтастыра отырып жүзеге асыруда. Бұл — Қазақстанның халықаралық және өңірлік деңгейдегі бастамаларының нақты іспен ұштасып, елдің сыртқы саясатының басты мақсаты бейбітшілік пен тұрақ-тылықты сақтай отырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанының айқын дәлелі.

2025 жылдың қоры-тындысы бойынша өңір мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 511 млн АҚШ долларынан асты. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 109 пайызға өскен.

өндіруге бағытталған индустриялық экономикаға кезек-кезеңімен көшіп келеді. Мақта-тоқыма, ет және жүгері кластерлерінің қалыптасуы — осы саясат-тың нақты нәтижесі. Өңірге өткен жылы 4 млрд АҚШ доллары көлемінде инвес-тиция тартылып, оның жартысына жуығы

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП ҰШТАСҚАН ТҰС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айынан бастап бүкіл ел бойынша «Таза Қазақстан» тұрақты экологиялық акциясы өткізіліп келеді. Акция сенбілік ұйымдастыруға ғана емес, сонымен қатар қалалар мен ауылдарды абаттандыру және көгалдандыру бойынша жүйелі жұмыстарға бағытталған.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Қарағанды облысында тазалық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағы-тындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. «Таза Қазақстан» республикалық эколо-гиялық бағдарламасы аясында өңір полицейлері 2026 жылдың басынан бері санитариялық талаптар мен абаттандыру қағидаларын бұзудың 26 341 дерегін анықтады. Тазалық талаптарын сақтамайтын кәсіпкерлік субъектілеріне ерекше бақылау орнатылған. Іргелес аумақтарды күтіп-ұстау міндетін орындамаған 181 кәсіпорын мен ұйымның басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартыл-ды. Олардың қатарында сауда үйлері, дүкендер, қоғамдық тамақтану орындары, сәулулық салондары, жанармай құю стан-салары, автосервис орталықтары және құрылыс нысандары бар. Аталған құқық-бұзушылықтар үшін салынған айыппұл-дың жалпы сомасы 11 миллион теңгеден асты. Бағдарлама аясында абаттандыру талаптарын бірнеше рет бұзатын тұлғаларға қатысты да қатаң шаралар қабылданды. Жыл ішінде құқықбұзушылықты қайтала-ған 159 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға жалпы сомасы 12 миллион теңгеге жуық айыппұл салынды.

шылық анықталып, шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан жасалған 5 құ-қықбұзушылықтың жолы кесілді. Сон-дай-ақ азаматтардың бес өтініші бойынша жедел шаралар қабылданып, қалдықтарды заңсыз төккен екі жүк автокөлігі ұсталды. Жергілікті рейттік іс-шаралар барысында Үштөбе, Доскей ауылдық округтері мен Күнгей шағын ауданында 42 құқықбұзу-шылық анықталды. Қарағанды облысы Полиция департаменті өңір тұрғындарын туған өлкесінің тазалығы мен көркеюіне белсенді атсалысуға шақырады. Қоршаған ортаның тазалығы — әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Абаттандыру қағидаларының сақ-талуын бақылау және құқықбұзушы-лықтардың жолын кесу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да ведомство басшылығының ерекше бақылауында жалғасады. Айта кету керек, облыста «Таза Қазақстан» акциясы аясында біраз жұмыстар атқарылды. Мысалы, ECO FEST — «Заң мен тәртіп» экологиялық фестивалі өтті. Іс-шара қоршаған ортаны қорғау идеясы төңірегіне әртүрлі жастағы қала тұрғындарын біріктірді. Экофестиваль аясындағы негізгі іс-шаралардың бірі пластик бөтелкелерді жинау акциясы болды. Қала тұрғындары бастаманы белсенді қолдап, пластик ыдыстарды қайта өңдеуге тапсырды. Алғыс ретінде қатысушылар тапсырған бөтелкелерінің санына қарай балмұздақ, хайуанаттар бағына, балалар теміржолына және киноға билеттер алды. Сонымен қатар сәуірде бір күнде 4 500-ден аса ағаш отырғызылды. Оған өңірдің түкпір-түкпірінен 45 мыңға жуық тұрғындар, еріктілер мен табиғат жана-шырлары атсалысты. Ерікті жастардан еңкейген қарияға дейін осында. Барлығы бір кісідей жұмылып, саябақ аумағына 1 500-ден астам ағаш отырғызды. «Бұл қоршаған ортаға қосқан үлес қана емес, елді біріктірген жарқын іске айналды», — дейді жиылғандар. — «Таза Қазақстан» деген бір күндік акция емес. Мен біріншіден, барлық қатысқан жандарға алғысымды айтқым келеді. «Арың таза болса, барлығы таза болады» дейді қазақ. Сондықтан аула, үй, аудан, ауыл, қала өз жанын таза ұстаса, барлық жер таза болады, — дейді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Белекпаев. Қорыта келгенде, экологиялық акция тек тазалықтың жаршысы емес, тәртіптің де нәсихатына айналып үлгерді. Алдағы уақытта өңір халқы бұл дәстүрді жалғас-тыра берері анық.

БАТЫР ТОЙЫ – ХАЛЫҚ ТОЙЫ



Басы 1-бетте

Мерейтойлық шараның ресми салтанаты бас сахнада жалғасты. Танертеннен жиналған жұртшылықтың қарасы күн өткен сайын көбейіп, сахна манын халыққа лық толтырды. Сахна төріне мерейтой иесі Токтар Дүбәкіров көтерілді. Елдің ыстық ықыласын ерекше сезінген батыр туған жерлестеріне қайта-қайта қол бұлғап, ризашылықпен тағзым етті. Қалың жұртшылық «Токтар аға!» деп қошемет көрсетіп, ұзақ қол соқты. Бұл — халқының сүйікті ұлына деген шынайы құрметтің көрінісі еді. Салтанатты жиында алғашқы болып Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Нұркен Кобжанов сөз сөйлеп, мерейтой иесіне облыс жұртшылығының ыстық лебізін жеткізді. — Токтар Дүбәкіров — бір әулеттің немесе бір өңірдің ғана емес, тұтас қазақ халқының мақтанышы. Оның ғарышқа самғаған сәті халқымыздың тарихындағы ең жарқын белестердің бірі болып қалды. Бүгінгі мерейтойдың туған жерінде аталып өтуі — елдің перзентіне деген ерекше құрметінің белгісі. Батыр ағамыздың өмір жолы жас ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала береді, — деді Нұркен Кобжанов. Мерейтойға Қазақстанның Халық қаһарманы, ғарышкер Айдын Айымбетовтің арнайы келуі шараның маңызын одан әрі арттыра түсті. Арқа жұрты Айдынға ат мінгізді. Айта кету керек, мерейтойлық шаралар негізгі думаннан бір күн бұрын басталған еді. Қарқаралыдағы Шолпан Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінде сахналанған «Ғасыр сандағы» атты театрландырылған қойылым көрерменге Токтар Дүбәкіровтің өмір жолын, азаматтық ұстанымын, қайсар мінезін көркем тілмен жеткізді. Батырдың балалық шағынан бастап ғарышқа дейінгі тағдырлы жолы сахнада әсерлі көрініс тауып, көрерменнің зор ықыласына ие болды. Мерейтой аясында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алқа» әдеби ұйымы дайындаған «Ұлт рухын аскактатқан қаһарман» атты кітаптың

тұсаукесері өтті. Жинаққа Токтар Дүбәкіров-тің өмірі мен ерлік жолына арналған ғылыми мақалалар, естеліктер және жастардың танымдық ой-толғаулары енгізілген. Сонымен қатар салтанатты рәсім бары-сында жерлес өнерпаздар — әнші Қазыбек Әдікәй мен акын Мираас Асанның шығарма-шылығынан туған «Токтар аға» әні алғаш рет көпшілік назарына ұсынылды. Ал «Алтын домбыра» иегері Мақсат Аханов жүрекжарды жыр арнап, әнші Гүлбаршын Тергеубекова мерейтой көрігін қыздыра түсті. Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген мерейтой иесі Токтар Дүбәкіров те жерлес-теріне шынайы алғысын жеткізді. — Туған жердің төрінде өз халқымын ықыласына бөленіп отырғаным — мен үшін зор бақыт. Осындай құрмет көрсетіп жатқан барша ағайынға, жерлестеріме, халкымның әрбір азаматына жүрекжарды алғысымды білдіремін. Менің еңбегім — өз елім үшін жасалған еңбек. Халкымның сенімі мен қолдауы маған әрдайым күш-қуат берді. Елдің амандығы мен бірлігі мәңгі болсын, — деді Халық қаһарманы. Токтар Дүбәкіровтің 80 жылдық мерейтойы тек салтанатты жиынмен ғана шектелген жоқ. Ұлт рухын көтерген думан қазақтың байырғы спорт түрлерін дәріптеген үлкен мерекеге ұласты. 74 келі салмақтағы күрес өте қызу өтті. Финалдық белдесуде қарсыластарына дес бермеген Солтүстік Қазақстан облысының балуаны Нұрғали Тұрсынғазиев бас жүлдеге тігілген автокөліктің иесі атанды. «Түйе балуан» бекесесінде Түркістан облысының өкілі Қайсар Шамшидинов өз шеберлігі мен қайратын дәлелдеп, екінші автокөлікті қанжығасына байлады. Күш пен төзімділікті талап ететін қол күресі сайысы да жанкүйер-лердің назарынан тыс қалған жоқ. Этноауылдың тағы бір алаңында садақ ату жарысы өтті. Түстен кейін мерекелік думанның қызуы Жананегіз ауылы маңында-ғы атшабарға ойысты.

Ә.ЖҰМАНОВ



КӨРМЕДЕГІ ОЛИМПИАДА ТАРИХЫ

Ұлттық музейде олимпиада ойындарының тарихына арналған халықаралық көрме ашылды. «Афинадан Астанаға дейін. Владимир Потанин коллекциясындағы Олимпиада артефактілері» атты экспозиция қазіргі заманғы алғашқы олимпиада ойындарының 130 жылдығына орай ұйымдастырылған. Көрме «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық турнирінің мәдени бағдарламасы аясында ұсынылып, әлемдік спорт тарихы мен Қазақстан спортшыларының жетістіктерін бір кеңістікке жинады.

Бұл көрме — спорт тарихын, олимпиадалық құндылықтарды және заманауи технологияны тоғыстырған ерекше мәдени жоба. Мұнда келушілер олимпиада ойындарының 1896 жылдан бергі даму жолымен танысып, әр дәуірдің рухын, спортқа деген көзқарасын, жеңіс пен жігердің адамзат тарихындағы орнын сезіне алады. Афинадан басталған олимпиадалық қозғалыстың бүгінгі Астана төрінде жалғасуы да көрменің мазмұнын тереңдеті түседі. Экспозицияның негізін коллекционер Владимир Потанин жинаған олимпиадалық жәдігерлер құрайды. Көрмеге қойылған барлық артефакт түпнұсқа күйінде сақталған. Ұзын саны 140-тан асатын құнды жәдігерлердің қатарында алғашқы заманауи олимпиада ойындарынан бастап бергі медальдар, олимпиадалық алаулар, дипломдар, естелік белгілер, марапаттар және тарихи маңызы зор бірегей бұйымдар бар. Мұндағы әр экспонат — өз кезеңінің үнін жеткізетін құнды дерек. Мәселен, олимпиадалық медальдар арқылы спорттық марапаттау мәдениетінің қалай өзгергенін көруге болады. Ал дипломдардағы көркем безендірулер сол кезеңдегі эстетиканың даму ерекшеліктерінен хабар береді. Олимпиадалық алаулар болса, әлем халықтарын біріктіретін бейбіт бәсекенің, достық пен ынтымақтың символы ретінде ерекше әсер қалдырады.

Көрмедегі жәдігерлер олимпиада тарихын спорттық жарыстар тізбегі ретінде де, тұтас мәдени құбылыс ретінде де танытады. Өйткені олимпиада ойындары қашанда адам мүмкіндігінің шексіздігін, табандылық пен тәртіптің, арман мен еңбектің биік үлгісін көрсетіп келеді. Сондықтан бұл экспозицияға қойылған әрбір заттың артында спортшы тағдыры, ұлт намысы, тарихи кезеңнің тынысы жатыр. Көрме кеңістігі де спорт тақырыбына сай ерекше безендірілген. Экспозицияда күрес кілемі мен бокс рингі үлгісінде жасалған арнайы тақырыптық аймақтар бар. Бұл келушілерге тек жәдігерлерді тамашалап қана қоймай, спорт атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді. Әсіресе жас көрермендер үшін мұндай шешім

көрменің танымдық әрі әсерлі болуына ықпал етеді. Экспозиция Қазақстанның даңқты спортшыларына арналған Ұлттық музей қорындағы бірегей жәдігерлермен де толықтырылған. Көрменің тағы бір жеке бөлімі тәуелсіз Қазақстанның олимпиада ойындарындағы жетістіктеріне арналған. Мұнда еліміздің спорт тарихында есімі алтын әріппен жазылған тұлғаларға қатысты фотосуреттер, марапаттар мен жеке спорттық бұйымдар қойылған. Атап

жетістігі — ел тарихының жарқын беттері. Олардың әрбір жеңісі халықтың рухын көтеріп, жас ұрпаққа үлгі болды. Бекзат Саттархановтың Сиднейдегі тарихи жеңісі, Серік Сәпиевтің Лондон төріндегі ерлігі, Ольга Рыпакованың жеңіл атлетикадағы табысы, Елдос Сметовтің татамидегі қайсарлығы — мұның бәрі отандық спорттың мәртебесін асырған оқиғалар. Көрмедегі жәдігерлер осы жеңістердің рухын қайта жаңғыртып, көрерменді өткен күндердің толқынысына бөлейді.

Көрменің басты ерекшеліктерінің бірі — заманауи цифрлық технологиялардың қолданылуы. Нейро-желілік шешімдердің көмегімен олимпиадалық дипломдардағы ежелгі грек құдайлары мен спортшылардың бейнелері «жанданып», қозғалысқа енеді. Бұл тәсіл көне мұраны жаңа форматта танытып, көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Яғни цифрлық бөлім олимпиада

Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрме олимпиадалық мұра мен заманауи спорттық технологияларды символдық тұрғыда байланыстырады. Расында да, бұл экспозицияда өткен мен бүгіннің арасында табиғи сабақтастық бар. Бір жағында — Афинадан бастау алған классикалық олимпиада рухы, екінші жағында — цифрлық дәуірдің мүмкіндіктері мен фиджитал спортқа бет бұрған жаңа заман. «Болашақ ойындары — 2026» дәстүрлі спорт пен цифрлық технологияны біріктіретін жаңа форматтағы халықаралық турнир болса, бұл көрме сол идеяны мәдени кеңістікте жалғастырады. Яғни спорттың тарихы мен болашағы бір арнаға тоғысалы. Көрме заманауи технологиялардың дәстүрлі алмастырмайтынын, керісінше, оны сақтап, жаңа буынға жақын әрі түсінікті етіп жеткізуге көмектесетінін көрсетеді.

Владимир Потаниннің олимпиадалық коллекциясы бұған дейін Мәскеу, Сочи, Бейжің қалаларында, II Еуропа ойындары күндері Минскіде, БРИКС ойындары аясында Қазанда және Петербург халықаралық экономикалық форумы кезінде Санкт-Петербургте таныстырылған. Енді халықаралық деңгейде мойындалған бұл коллекция Астана төрінде көпшілікке жол тартты. Астанадағы көрменің маңызы бөлек. Бұл — отандық спорт тарихын халықаралық аудиторияға таныстырудың да жақсы мүмкіндігі. Көрме жас ұрпақ үшін де тағылымға толы. Мұнда спорттың үлкен тәрбие мектебі екенін аңғаруға болады. Олимпиада тарихы адамды еңбекке, төзімге, тәртіпке, әділ бәсекеге және мақсатқа адал болуға үндейді. Ал қазақстандық спортшыларға арналған бөлім жастардың бойында елге деген мақтаныш сезімін оятады.

Экспозицияны аралаған адам олимпиада ойындарының әр кезеңдегі тынысын сезінеді. Бір жәдігерден ежелгі спорттық дәстүрдің ізі байқалса, енді бірінен заманауи спорттың қарқыны көрінеді. Медальдар мен дипломдар, алаулар мен жеке спорттық бұйымдар бір-бірімен үндесіп, адамзаттың ортақ спорттық шежіресін құрайды. «Афинадан Астанаға дейін» атауының өзі көрменің негізгі идеясын айқындап тұр. Афинада басталған олимпиада рухы бүгінде Астанаға жетіп, жаңа мазмұнмен, жаңа технологиямен, жаңа көзқараспен жалғасып отыр.

Ұлттық музейде ашылған бұл көрме олимпиадалық құндылықтарды насихаттаумен қатар, спорт тарихына өзгеше көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Ол өткеннің мұрасын сақтап, бүгінгі жетістіктерді бағалап, болашақ спорттың бағыт-бағдарын сезіндіреді.

ЗИЯТКЕРЛІК ТУРНИР ӨТТІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты мен «Астана – есірткісіз қала» профилактикалық науқаны аясында елорданың Алматы ауданындағы Теміржолшылар тұрғын алабында шахматтан, дойбы мен тоғызқұмалақтан спорттық-зияткерлік турнир ұйымдастырылды.



Турнирге ауданның балалары, жастары және ересек тұрғындары қатысып, зияткерлік ойындардағы шеберлігін сынға салды.

Іс-шараның мақсаты — саламатты өмір салтын насихаттау, тұрғындардың зияткерлік әлеуетін дамыту және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Аудан әкімдігінің мәліметінше, мұндай жарыстар тұрғындардың заңға бағыну мәдениетін қалыптастыруға, есірткі тұтынудың алдын алуға және саламатты өмір салтын ұстануға ынталандыруға ықпал етеді.

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

2026 жылғы 26 шілде мен 2 тамыз аралығында Румынияның Бухарест қаласында Лингвистикадан халықаралық олимпиада (IOL) өтті.



Қазақстан құрамасының төрт мүшесі де жоғары нәтиже көрсетіп, бір қола медаль мен үш Құрмет грамотасын иеленді. Осылайша, Қазақстан құрамасының аталған олимпиадаға қатысу тарихында алғаш рет команда мүшелерінің барлығы марапатқа ие болды.

Құрамаға Ягеллон университетінің студенті Дана Оспанова жетекшілік етті. Олимпиадалық лингвистика — елімізде дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі. Бұл нәтиже қазақстандық оқушылардың аталған саладағы жоғары әлеуетін көрсетті.

«ӨРМЕКШІ АДАМ» РЕКОРД ОРНАТТЫ

Басты рөлді Том Холланд сомдаған «Өрмекші-адам: Жаңа күн» фильмі әлемдік прокатта бір аптада 927 миллион доллар жинап кассалық рекорд орнатты.



Соманың 355 миллион доллары АҚШ пен Канадаға, ал 572 миллион доллары халықаралық нарыққа, оның ішінде 121 миллион доллары Қытайға тиесілі. Аталған туынды Солтүстік Америкадағы 2026 жылдың ең табысты премьерасына айналды. Тізімнің басында тек «Кек алушылар: Финал» (2019) фильмі тұр. Бұл фильм жаңа туындыдан бар-жоғы 2 миллион долларға артық болып тұр. Сондай-ақ «Өрмекші-адам: Жаңа күн» Солтүстік Америкада коронавирус пандемиясы басталғалы бері тіркелген ең үздік бастапқы түсімді көрсетті. Фильмнің бұл табысы, әсіресе көрермендердің суперқаһармандар туралы кинодан жалыға бастағаны жайлы сөз болып жатқан тұста ерекше назар аудартады. Оған қарамастан, Өрмекші-адам Marvel әлеміндегі сұранысқа ие басты кейіпкерлердің бірі болып қала береді. Киносыншылар мен көрермендер Питер Паркердің ішкі күйзелісін, жалғыздығын және айналасындағы адамдармен қайтадан жақындасуға деген ұмтылысын баяндайтын су жаңа оқиғаны жоғары бағалады.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баыр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4771
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,